

«Ахмет Байтұрсынұлы – Алаш арысы» тақырыбында өткізілген әдеби қойылымның анықтамасы

11.09.2025жылы «№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында 5-7 сынып оқушыларымен **«Ахмет Байтұрсынұлы – Алаш арысы»** тақырыбында әдеби қойылым болып өтті. Аталған шараны қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері «Тілдер тоғысқан мереке» атты онкүндік іс-шараның жоспарына сәйкес ұйымдастырды.

Әдеби қойылымда Алаш арысының Орынбордағы «Қазақ» газетіндегі тарихи сәті сахналанды. Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, М.Сералиннің өзара ел мәдениеті мен тіл тағдырын шешкен отырысы оқушылардың рухын көтеріп, тілге деген құрметін жоғарылатты.сонымен қатар қара өлең оқылып, Ахметтің сүйікті әніб қазақтың қара домбырасының сүйемелдеуімен «Екі жирен» айтылды.

Ахмет Байтұрсынов «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады»- деп өз ана тілімізді құрметтеуге, қадірлеуге, ұлттық санамызды, ұлттық болмысымызды сақтап қалуға шақырады.